

Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі № 170 "Жангелдин аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2014 жылғы 8 тамыздағы № 182 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 4 қыркүйекте № 5061 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 2017 жылғы 18 мамырдағы № 93 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы мәслихатының 18.05.2017 № 93 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1 тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 3 желтоқсандағы №704 "Мәслихаттың үлгі регламентін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес, Жангелдин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мәслихаттың 2014 жылғы 10 сәуірдегі №170 "Жангелдин аудандық мәслихатының Регламентін бекіту туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №4704 тіркелген, 2014 жылғы 27 мамырда "Біздің Торғай" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген мемлекеттік тілдегі Жангелдин аудандық мәслихатының регламентінде:

35-тармағының екінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"Ауылдар, ауылдық округтер тұрғындарын мәслихаттың есебімен жергілікті қоғамдастықтың жиындарында мәслихаттың хатшысы, тұрақты комиссиялардың төрағалары басқаратын депутаттар тобы таныстырады.";

орыс тіліндегі мәтін өзгермейді.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Жангелдин аудандық
мәслихаты кезектен
тыс сессиясының төрағасы
Жангелдин аудандық
мәслихат хатшысы*

Ж. Нұрмұханбетұлы

С. Нургазин

